

2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" РМҚК (бұдан әрі – ДҚҰО) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

ДҚҰО-та жұмыс тобымен (бұдан әрі–жұмыс тобы) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау комплаенс - офицер А.Тоқабаев атынан жүргізілді.

Талданатын кезең: 2024 жыл.

Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

1. 2024 жылдың соңында ДҚҰО қызметкерлерінің саны 23 бірлік.
2. 2025 жылы 3 қызметкер жұмысқа қабылданды және 2 қызметкермен ҚР еңбек кодексіне сәйкес тараптардың келісімі бойынша еңбек шарттары тоқтатылды, мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.
3. ДҚҰО—қа жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.
4. Кәсіпорын қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, соттылығы бар немесе жоқтығы туралы анықтамалар ДҚҰ-н қызметкерлерімен уақтылы ұсынылған. Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапкершілікке тартылған қызметкерлер болған жоқ.
5. Қызметкерлерді аттестаттау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №157 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Аттестаттаудан азаматтық қызметте болғаннан әрбір келесі үш жыл сайын, бірақ лауазымға орналасқан күннен алты айдан ерте емес өткізіледі.

6. Директордың жақын туыстарын жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.

7. ДҚҰО-та еңбек дауларын қарау үшін келісім комиссиясы құрылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырушылық-нормативтік қамтамасыз ету:

жыл бойы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы нормативтік - құқықтық базаның өзгерістеріне мониторинг жүргізілді;

ДҚҰО заңгері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық базадағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлайды.

Қызметкерлермен жұмыс:

- мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық проблемасын, сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілікті зерделеу жүргізілөп отырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, қызметкерлердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру іске асырылуда;
- құқықтық оқыту бойынша қызметкерлермен жоспарлы жиналыстар өткізілген.

Мемлекеттік сатып алулар:

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ашық конкурстар өткізу және баға ұсыныстарын сұрау жолымен жүзеге асырылады. Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша өткізілетін әрбір конкурсқа жеке комиссия құрылады, жалпы сомасы 337 151,00 мың теңгеге 56 мемлекеттік сатып алу шарттары, соның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жалпы сомасы 8 487,00 мың теңгеге 42 шарт;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 34 036,00 мың теңгеге 8 шарт жасалды;

- ашық конкурс тәсілімен жалпы сомасы 44 852,00 мың теңгеге 4 шарт жасалды;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 249 776,00 мың теңгеге 2 шарт жасалды.

Қаржы бөлімі (бухгалтер):

Есеп берулер тізімі:

1. Жалақының құрылымы мен бөлінуі туралы есеп.
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп.
3. Отын-энергия балансы.
4. Еңбек бойынша есеп.
5. Білім беру ұйымының көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есебі.
6. Ірі және орта кәсіпорындардың кадрлар саны мен кадрларға қажеттілігі туралы есеп.
7. Еңбек қызметіне байланысты жарақаттар және кәсіптік аурулар туралы есеп.
8. ЖТС мен әлеуметтік салық туралы декларация.
9. Активтерді, оның ішінде үй-жайлар мен автомобильдерді түгендеу.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

2024 жылы қызметкерлер мен азаматтардан өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

Ұсыныстар:

Келісім комиссиясының барлық мүшелері жыл сайын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтуі тиіс.

Пайда болған бос жұмыс орындары 3 жұмыс күні ішінде enbek.kz сайтында жариялануы тиіс.

Қолданыстағы барлық еңбек шарттар, қосымша келісімдер enbek.kz сайтына енгізілуі тиіс.

Комплаенс-офицер
Токабаев А.К.



Таныстым _____



директоры м.а. Кәрімбай Е.Т.